

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ХОЛДИНГ

ОРЫНДАҒАН:
ЖАЙЫҚҚЫЗЫ А.
ТОП: 53-1
ФАКУЛЬТЕТ: ЖАЛПЫ
МЕДИЦИНА
ТЕКСЕРГЕН: СЕРІКҰЛЫ М.

АЛМАТЫ 2016ж



ЖОСПАР:

- *«Ұлттық медициналық холдинг»*
- *Мақсаты*
- *Даму стратегиясы*
- *Қызметтің қағидалары*
- *Стратегиялық мақсаттары*
- *Корпоративтік басқару*



«Ұлттық медициналық холдинг» АҚ 2008 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес оның жарғылық капиталына жүз пайыздық қатысумен құрылды.

- **Холдинг Астана қаласында медициналық кластер аумағында орналасқан денсаулық сақтаудың 6 инновациялық объектілерін біріктіреді – бұл Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы, Республикалық балаларды оңалту орталығы, Республикалық диагностикалық орталық, Республикалық нейрохирургия орталығы, Ұлттық онкология және трансплантология ғылыми орталығы, Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы.**





Мақсаты

- Холдингтің негізгі мақсаты Қазақстанның және шетел азаматтарына алдыңғы қатарлы медициналық технологияларды, қазіргі заманғы аурухана менеджментін, сапа және қауіпсіздіктің халықаралық стандарттарын енгізу негізінде медициналық қызметтердің кең ауқымын ұсынатын халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті «Болашақ ауруханасын» құру болып табылады. Олардың ішінде жедел көмек, амбулаторлық-диагностикалық қызмет, акушерия және гинекология, неонатальдық көмек, ішкі аурулар, нейро- және кардиохирургия, сондай-ақ оңалтуға бағытталған емдеу сияқты қызметтер.
- «Болашақ ауруханасы» құру жобасының шеңберінде клиникалық және басқарушылық үдерістерді, ақпараттық технологиялардың бірыңғай жүйесін, зертханалық және өзге қосалқы қызметтерді, медициналық білімді және қолданбалы ғылымдарды дамыту жолымен Холдинг клиникаларының базасында жоғары технологиялық қызметтердің толық циклін құру жоспарлануда. «Болашақ ауруханасын» құру транспарентті бизнес-бағдарлы ауруханалық менеджменті енгізуді қарастырады.



Холдингтің өзге маңызды міндеті медициналық көмектің пациент-бағдарлы қағидатын енгізу болып табылады. Бұл халықаралық клиникалық хаттамалар және технологиялар бойынша жұмыс істейтін мотивацияланған жоғары кәсіби кадрларды дайындауды және жоғары этикалық стандарттарды талап етеді.

- «Болашақ ауруханасы» жобасының маңызды шарты **JCI** халықаралық комиссиясымен аккредиттеу ілгері басады, ол дамушы елдердің медициналық ұйымдары үшін «алтын стандарт» болып табылады. Бұл ұдайы сапаны жақсартуға, тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік туғызатын халықаралық ресурстарға қол жетімділікті қамтамасыз етеді. JCI аккредиттеу тек медициналық қызметкерлер мен ұйымдар үшін ғана ерекше болып табылмайды, сондай-ақ оларда емделетіндер үшін ерекше болып табылады, нақтысында медициналық қателіктерді азайту, пациенттердің құқықтарын сақтау және медициналық ақпараттың құпиялығы есебінен.



Даму стратегиясы



- Холдингің 2013-2020 жылдарға даму стратегиясы Холдингің және оның еншілес ұйымдарының «Назарбаев Университеті» ДББҰ денсаулық сақтау саласының интеграцияланған академиялық жүйесі құрамында тиімді динамикалық дамуды қамтамасыз етудегі Холдингің миссиясын, болашақтағы көрінісін, қағидаларын және стратегиялық мақсаттарын, ролін анықтайды.



Миссиясы

Озық медициналық ғылымның жетістіктерін, тиімді медициналық білімді және дәлелді медицина қағидаларын қолданумен халық денсаулығын жақсарту.

Болашақтағы көрінісі:

Назарбаев Университетінің медицина орталығы - нақты ортада тиімді қызмет ететін клиникалық, ғылыми және білім беру практикасының синергиясы негізінде медициналық көмектің барлық түрлерімен ұсынылған Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау саласының озық үлгісі болу.

Текст надписи



БОЛАШАҚТАҒЫ КӨРІНІСІ:

**НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ МЕДИЦИНА
ОРТАЛЫҒЫ - НАҚТЫ ОРТАДА ТИІМДІ ҚЫЗМЕТ
ЕТЕТІН КЛИНИКАЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ БІЛІМ
БЕРУ ПРАКТИКАСЫНЫҢ СИНЕРГИЯСЫ
НЕГІЗІНДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ БАРЛЫҚ
ТҮРЛЕРІМЕН ҰСЫНЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
САЛАСЫНЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ БОЛУ.**





Қызметтің қағидалары:

- Холдинг қызметінің қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар) Қазақстан Республикасында денсаулық сақтаудың озық үлгісі Холдинг құрылуының ажырамас бөлігі болады. Қағидалар Холдинг және Орталықтар халық денсаулығын жақсарту жөніндегі Миссияны қолдауда сенімді негіз болады.
- Қағидалардың Холдинг пен оның Орталықтарының денсаулық сақтау озық үлігісіне трансформациясында маңызды роліне байланысты, басшылық Орталықтардың күнделікті қызметінде Қағидаларды қолдауға және сақтауға тікелей жауапкершілік артады. Қағидаларға байланысты құндылықтарды тасымалдаушылар сапасында бір уақытта Холдинг пен оның Орталықтары Холдинг пен Орталықтардың барлық қызметкерлеріне еліктейтіндей үлгі болады.
- Жоғары сапа мен Көшбасшылық қызметті жүзеге асыруда аса жоғары сапаға жетуге, және денсаулық сақтау саласында озық стандарттарды сақтауға ұмтылысты көрсетеді. Жан ашу мен Құрметті пациенттер мен олардың отбасыларының физикалық, эмоциональдық, психологиялық жағдайларына жан ашу және құрмет білдіруді көрсетеді. Инновациялар және Креативтілік қызметтің барлық аспектілерінде жаңа идеялардың құрылуы мен қолданылуына жайдарлылықты білдіреді. Жауапкершілік пен Сенімділік халықтың, қызметкерлердің, мемлекеттің, жалғыз акционердің үмітін жүзеге асыруға бағытталған. Әділдік пен шынайылық мүдделі тұлғалар мен тараптардың алдында жайдарлылық және объективті есептілік саясатын айқындайды. Үйлесімділік пен Бірлік бірыңғай мақсаттар мен міндеттерге жетуде қызметтің барлық компоненттері мен процесстерінің синергиясын айқындайды.



1-мақсат. Медициналық көмек сапасының нақты жоғары деңгейі.

2-мақсат. Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы озық технологиялар трансфертінің аса тиімді жүйесін құру және дамыту.

Стратегиялық мақсаттары:

3-мақсат. Орталықтардың қызметін басқарудың жүйесін жетілдіру.

5-мақсат. Назарбаев Университетінің құрамында денсаулық сақтау саласының жаңа білім беру жүйесін құру және дамыту.

4-мақсат. Назарбаев Университетінің құрамында озық ғылыми-инновациялық жүйені қалыптастыру.



Корпоративтік басқару

- Корпоративтік басқару
- «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ-да алғашқы посткеңестік ауқымда ауруханалық басқаруда корпоративтік басқару қағидаттары енгізілді, корпоративтік жабдықтың – басқарумен, басқару аппаратымен және акционермен түрлі компоненттері арасындағы құқықтар мен міндеттер бөлінген. Ауруханалық басқарудың корпоративтік жүйесі Холдингтің медициналық, операциялық және қаржы қызметін нақты бөледі. Мұндай көзқарас шешімдерді қабылдауда алқалылықты және адалдықты қамтамасыз етеді.
- Корпоративтік басқарудың Холдинг қолдайтын тиісті тәртібі Холдинг клиникаларының өз капиталын тиімді қолдануына себепші болады, клиника мен оның акционерінің басқару органдарының есеп беруге міндеттілігін қамтамасыз етеді. Ауруханалық басқарудағы осы тәсіл Холдингтің клиникалары қоғамның игілігіне әсер етуге жетуге көмектеседі, бюджеттік қаржыландырудың баламасы ретінде Холдинг қарастыратын ұзақ мерзімді капиталдарды жұмылдыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін (шетел, және отандық) инвесторлардың сенімін қолдауға себепші болады.



Әлеуметтік жауапкершілік

«Ұлттық медициналық холдинг» АҚ қызметінің басты бағыттарының бірі пациенттер қауіпсіздігі мен жоғары халықаралық сапа стандарттарына негізделген медициналық қызметтерді ұсыну болып табылады. Осыған байланысты Холдингтің клиникаларында медициналық ұйымдардың жұмысын үздіксіз жақсартуға негізделген «пациенттердің қауіпсіздігі бойынша халықаралық мақсаттар» JCI Халықаралық Біріккен Комиссия стандарттарының бірінші тобын ендіру басталды. Сонымен бірге «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ медициналық қызметтің сапасы мен пациенттердің қауіпсіздігін басқару саясаты (бұдан әрі - Саясат) әзірленіп, бекітілді. Мұндағы негізгі мақсат халықаралық стандарттарға сәйкес пациенттердің қолжетімді, қауіпсіз, сапалы медициналық көмекті алу құқығын іске асыру болып табылады. Саясаттың шеңберінде Холдингте Холдингтің еншілес ұйымдарының медициналық қызметінің сапасын арттыру және пациенттердің қауіпсіздігі саласындағы қызметіне жетекшілік ететін Пациенттердің қауіпсіздігі және сапа жөніндегі кеңес ұйымдастырылып, жұмыс жасауда.



*Назар
аударғандарыңызға
рахмет!*